

«Бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыру аясында шешендік өнерге үйрету және үштілділікке баулу»

Кәмілжанов Жансұлтан

«Семей жоғары көп салалы колледж» мекемесі

Аннотация

«Бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыру аясында шешендік өнерге үйрету және үштілділікке баулу» мақсатын көздей отырып, өскелең ұрпақтың интеллектуалдық, тәрбиелілік, рухани потенциалы деңгейін көтеру мақсатын жүзеге асыру. Көптілділік қоғамның ажырамас компоненті, заман талабына сай болу – әр азаматтың парызы.

Түйін сөз.

«Үштұғырлы тіл», компонент, инновация, технология, мультимедия, видео, аудио, функционалды сауаттылық, «CLIL», ЖАДА, ғылыми әдебиет, зерттеу.

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға...

«Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Сіздердің арқаларыңызда тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасады»

Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Бұл өмірде әр адамның өзінің сара жолы бар. «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез», – деп дана Абай айтқандай, Ұстаз – әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын ұлы тұлға. Сондай ақ, біз Мағжан сенген жастармыз.

Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игерумен ғана шектелмей функционалды сауаттылық аясында шешендік өнерге үйренумен, үштұғырлы тіл бағдарламасын іске асыру.

Бастауыш сыныптарда шешендік өнерге оқушыларды баулу бағытында би шешендердің қысқаша өмірбаяндары мен ел аузында қалған өсиет сөздері берілген. Шешендік өнер тарихы халық арасында ауыз әдебиеті үлгісінде дамып келген болса, бұл күнде мектеп бағдарламасына арнайы енгізіліп, оқушылардың жас ерекшелігіне, білім деңгейіне сәйкес шешендік сөздер оқулық беттерінен көрініс тапқан. Шешендік сөздер сынып жоғарылаған сайын күрделеніп, көлемі ұлғая түскен.

Мысалы 1- сыныптың ана тілі оқулығы интегративті оқулық болғандықтан, қазақ тіліне байланысты Қанша? Неше? Нешінші? сұрақтарына жауап беретін сөздер деген

тақырыпқа Н.Оразалиннің « Үш би» өлеңі берілген. Осы сабақтың барысында мақал-мәтел шешендік өнердің кайнар көзі болғандықтан, сан есімдерді қайталау жұмыстарына мынадай ұсынбалар қолдануға болады:

1. Жеті атасын білген ұл, Жеті жұрттың қамын жер.
2. Батыр бір өледі, қорқақ мың өледі.
3. Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады.
4. Еңбек – адамның екінші анасы.

Қарап отырсақ, бұл жерде тек шешендік,сөз өнерімен ғана емес математикалық ұғымдармен де

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол- жаңадан жаңаны табатын өнер» деген Ж.Аймауытов.

Ғылыми әдебиетте оқыту мен оқуды зерттеудегі үш негізгі тәсіл сипатталған.

Құрылымдалған зерттеу.

Мұғалім оқушылар ұстанатын тәсілдерді егжей-тегжейлі түсіндіреді (әр қадамды сипаттау – арқылы). Оқушылар өздерінің (немесе басқа біреудің) тапқандарының негізінде мәселеге түсініктеме береді, талқылайды және қорытынды жасайды деп күтіледі.

Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін зерттеу.

Мұғалім оқушылар ұстанатын белгілі бір құрылым ұсынады (мысалы, зерттейтін мәселені сұрақтар тізімінен таңдау).Оқушылар сұрақтарға жауап беру үшін тәсілді өзі таңдай алады.

Ашық зерттеу.

Оқушылар зерттеу сұрағын және бұл сұраққа жауап берудің тәсілін өзі таңдайды.

Құрылымдалған зерттеуде мұғалімнің көмегі көп қолданылады. Сондықтан бұл тәсілді жаңа дағдылар немесе ұғымдар пысықталатын сабақтарда қолданған орынды болмақ. Оқушылар тәжірибе жинақтаған сайын мұғалімнің жетекшілігімен жүретін зерттеуге көшуге болады. Оқушылардың негізгі мақсаты анағұрлым жоғары деңгейлі дағдыларын дамыта отырып, ашық зерттеу жүргізу болып табылады. (Krystyniak and Heikkinen, 2007).

Ендеше осы арқылы ана тіліннің мәртебесі көтеріліп,ағылшын тілін меңгерту,орыс тілін жетік білу жоғарыда аталған үштілділікті дамыту жүзеге асады.

«Выготский оқуға «әлеуметтік құбылыс» деген анықтама берді, сондықтан да оқушылар білім «кұру» барысында олар қазіргі кезде өздігінен істей алатын нүктеден өзінің Жақын арадағы даму аймағында (ЖАДА) жалғыз өзі алға ілгерілеуі тиіс (Vygotsky, 1978).» деген екен.

Оқушылар өз ЖАДА-сында жұмыс істеген- де оларға қолдау қажет. Мұндай қолдауды олар мұғалімдерден, сыныптастарынан, жұмыс дәптерлерінен, кітаптардан немесе басқа да көздерден ала алады. ЖАДА қағидаты – бастауыш сынып оқушысымен жеке жұмыс істегенге қарағанда, сабақ үстінде (қолдау көрсетілген кезде) берілген білімді анағұрлым

көбірек үйренеді. Оқушылар алға ілгерлеген сайын оған енді мұндай аса қамқорлықпен қолдау көрсету қажет болмайды, бастауыш сынып оқушысы әліппеге дейінгі кезеңде, тындарман. Себебі ол әлі әріп танып, жаза білмейді. Осындай оқыту әдісін әрі қарай дамыту үшін мұғалімдер бастапқыда оқушыға жақсы қолдау көрсетіп, кейін оны біртіндеп азайтып отыруы керек. Мұғалім тарапынан көрсетілетін қолдау нөлге жеткенде ғана оқушылар жоспарлы нәтижеге қол жеткізеді. Жоба және зерттеу жұмысының мақсаты оқушылардың қарапайым шешімдерді табу және жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамыту болып табылады.

Зерттеуге негізделген оқуды түрлі пәндерді оқыту кезінде пайдалануға болады. Пән бойынша негізгі көзделген мәселе зерттеу болған жағдайда, мұғалім көмекші рөліне ауысып, басты рөлге оқушы шығады. Бұны слайдта көрсетілген спиральді әдіс яғни жеңілден қиынға жүретін сатыдан көруге болады.

«CLIL» - үштілділік оқыту менің тақырыбымның өзекті бір тұсы.

Білім берудің ұлттық моделінің негізгі өзегі оның құрылымдық байланыстарының сабақтастығы болып табылады. Бұл процесс педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасындағы елеулі өзгерістермен қатар қалыптасып келеді. Көптілділік – кез келген қоғам үшін, кез келген формация үшін тұйықтықтан шығудың жолы деп танылған. «Көптілділік» кез келген тұлғаның қалыптасуына және болашақта Қазақстан Республикасының жан жақты дамуына әсер етуі үшін қажетті құралдарының бірі, сонымен қатар, «модернизациялану», «жаһандану» үрдістерін қабылдаудың бірден-бір құралы болып табылады. Болашақ ұрпағымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған «үштұғырлы тілділік» пен әлемнің кез келген жерімен еркін байланысқа түсіп жатса, еліміздің ертеңі әлемдік кеңістікте қанат қағып, бәсекелестікте қабілеттіліктің сапасы артары сөзсіз.

Мысалы, бастауыш сыныптарда үштілділікті жылдам үйрету үшін бәріне таныс М.Әуезовтың «Көксерек» әңгімесін алып термин сөздерді үш тілде төмендегідей қарастыруға болады:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Қасқыр	Волк	Wolf
Адам	Человек	Human
Дала	Степь	Steppe

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020-шы жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көп тілді білімі бар педагогикалық кадрларды даярлау іске асырылуда. Оны жүзеге асыру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында базалық пәндер циклында шетел тілінен сағаттар санын арттыру және оқудың типтік бағдарламаларында өзгерістер енгізу арқылы жүргізіліп жатыр, әсіресе, пәнді үш тілде оқытатын педагогикалық кадрларды дайындауға байланысты.

Үштілділік білімнің мақсаты: халықаралық стандарттарға сәйкес қазақстандықтардың үш мақсатты тілді бір уақытта меңгеруі үшін тиісті жағдай жасалуы тиіс.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасының ерекшеліктері:

- 1) Оқушыларға алған білімдерін оқудағы және өмірдегі мәселелерді шешуде пайдалануды үйретуге бағдарлау;
- 2) Пәндерді кіріктіру және тілді деңгейлік үйретуді ұйымдастыру;
- 3) Сын тұрғысынан ойлау, білімдерін шығармашылықпен пайдалана білу;
- 4) Зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.

CLIL әдісінің негізгі мақсаты- мұғалімнің сөйлеуін азайтып, керісінше оқушылардың бір бірімен сөйлеу дағдысын қалыптастыру болып табылады. Әр сабақтың басында немесе соңында «миға шабуыл» әдісін ұйымдастырып тұрған тиімді. Берілген ұғымға байланысты оқушылар өз ойларын, идеялары мен сабақ тақырыбының сан алуан аспектілерін қозғайтын болады. Осылайша олардың сөйлеу – ойлау дағдылары қалыптасып, сөйлеу тәжірибесі артатынына көз жеткіземіз.

CLIL әдісі-бұл мектепте тілді біріктіруге үйрететін пән. Мысалы, ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттыру, олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілідік» ұлттық жоба аясында білім алып, дамуына жағдай жасалады. Демек, пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі негізінде сабақта берілген тапсырмалар мен жұмыстар тілді дамыту бағытында жүреді. Бұл әдіс арқылы бірден екі мақсатқа жетуге болады: ағылшын тілі арқылы сабақ мазмұнын түсіндіру және пәндерді меңгеру арқылы ғылыми тіл дағдыларын дамыту.

Командалық оқыту «Team teaching» - бұл екі мұғалімнің өзара қызметтестігі, олар ортақ мақсатқа жету үшін, яғни оқушылардың білімдерін жетілдіруге ұмтылады. Оқушылар үшін мұғалімдер білім беретін ортаны жасайды және өзінің білім беру тәжірибесін жетілдіріп отырады.

Мұғалімдер бірлесе отырып сабақты жоспарлайды және сабақты немесе сабақ серияларын өткізеді, оқу ресурстарымен өзара бөлісіп, оқушылардың жетістіктерін бірлесе бағалайды, сонымен қатар, бағалаудың қорытындысын негізге ала отырып, білім беру әдістерін үнемі дамытып отырады.

Көптілділікті жеке тұлға қалыптастырудың негізі ретінде қарастырып, зияткер тұлға қалыптастыруды заманауи халықаралық деңгейде білім беру кеңістігіне шығатын дара жолдың зерттеу нысаны есебінде санау қажет.

Ұстаздық- дарынды талант емес, үйрену мен ізденудің нәтижесі. Еліміздің өркені жайқалып өссін десек оны түп тамырынан нәрлендіру қажет. Бүгінгі білімді ұрпақ, ертеңгі болашақ кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – <http://shahtinsk.gov.kz/ru/prog5>

2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Ағылшын тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру баздарламасы. - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҮ, 2015. – Б. 368.

3.Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016. Қарағанды қаласы

4. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Г. Тұрдалиева. Астана 2012.

5. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Г. Тұрдалиева. Астана 2014.

